

Венера Хайруллаева

ӘЛЕМНІҢ ЖАҢА ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ ЖАЙЫНДА

Қоршаған дүние құбылыстарының адам әлемі үшін жұмбақ қырларына таңқалу мен оны түсінуге деген ұмтылыс ғылым тарихында әрқашан оны дамытушы қозғаушы күш болып келеді. Сондықтан жаратылыстану ғылымдары мен философияның қоршаған дүние жайлы концепциялары түрлі тарихи дәуірлерде дүниенің түрлі ғылыми картинасын жаратып келді. Әрине мұндай ғылыми модельдердің түрліше болуы да заңды құбылыс. Олар өз дәуіріндегі ғылым жетістіктеріне және осы жетістіктердің философиялық интерпретациясына қарай дүниені түрліше бейнелендіреді. Ал ғылымы мен техникасы қатар дамыған бүгінгі таңда Әлемнің ғылыми картинасы (көрінісін) қандай? Бүгінгі мақаланың арқауы - соңғы жылдары ғылыми қауымның назарын өзіне аударып келе жатқан, түрлі жағымды және сыншыл скептикалық пікірлер туындатқан Әлемнің Голограммалық үлгісі.

Адамзат ғылымының тарихын зерттеушілер ғылым тарихын төңкерістік сипатқа ие болған, ғылымда түбегейлі бұрылыс жасайтын идеялар мен ғылыми концепциялардың жүзеге асыратындығын айтады. Шынында да жалпы адамзат дамуын баяу өтетін кумулятивтік өзгерістер емес, ал жылдырымдай уақытта найзағайдай жарқ етіп пайда болатын ескі көзқарастар шеңберіне сыймайтын «тентек» идеялардың негізінде пайда болған сенсациялық жаңалықтар амалға асырады. Мүмкін жылдырымдай аз ғана уақыт деген сөз салыстырмалы болар. Сондықтан бұл жерде сөз революциялық парадигмалардың жалпы қалыптасуы мен орнығуы, кең жұртшылық арқылы мойындалуы жайында емес, ал олардың пайда болуындағы ерекшелік немесе тарихи сабақтастыққа бағынбайтын жеке жағдайлардың болуы жайында болып отыр. Әрине ғылым тарихында мұндай дүниенің ғылыми картинасын жаңадан қалыптастыруға мүмкіндік беретін жағдайлардың орын алуы өте сирек кездеседі. Алайда осы мақалада бұл құбылыстардың мәні мен логикасы жайында емес, ал соңғы жылдары кең қауымның назарына ілініп қызығушылығына бөлене бастаған, бірақ ғылымда әлі де толық мойындала қоймаған Әлемнің голограммалық үлгісі (моделі) жайында сөз болады. Осы орайда бұл Голографиялық әлем үлгісі адамзаттың осы кезге дейінгі қоршаған дүние жайындағы көзқарастарын түбегейлі өзгертетін, дүниеге түпкілікті жаңаша қарауға мүмкіндік беретін, сол арқылы адам санасын жаңа арнаға бұрып жіберетін революциялық сипаттағы концепция екенін де ескерте кеткен жөн сияқты. Егер бұл концеп-



ция дүниені түсінудің басты парадигмасы ретінде мойындалар болса, онда осы дүниенің голографиялық картинасы адам өмірінің барлық салаларына, әсіресе ғылымның негізгі методологиясы мен әдіс-тәсілдеріне, бағытына айқындаушы сипатта ықпал жасауы анық.

Голографиялық эффекттің ашылуына бастама болған теориялар алғаш рет 1947 жылы Нобель сыйлығының иегері венгриялық физик Деннис (Денеш) Габордың көзқарастарынан бастау алды /1/. Голограмма - жалпы алғанда бүтіннің әрбір құрамдас бөліктерде болу құбылысы. Мысалы табиғатта мұндай голографиялық эффектке теңіз жұлдызы деп аталатын теңіз жануары ие екен. Егер оның қандай болсын бір ағзасын кесіп тастаса, осы ағзаның орнына жаңасы өсіп шығады екен. Тіпті мұнымен де шектелмей кесіп тасталған бөліктен жаңа теңіз жұлдызы өсіп шығуы да мүмкін екен. Зерттегенде оның генетикалық коды барлық бөліктерінде, барлық ағзаларында орналасқан болып шықты.

Қазіргі заман көзқарастары тұрғысынан алғанда Әлем – гиганттық деңгейдегі үлкен голограмма. Ал адамның миы – Голографиялық Әлемді бейнелендіруші голограмма.

Мұндай таңғажайып әрі батыл идеяның негізгі авторлары – әлемдік деңгейдегі ойшылдар – Лондон университетінің физигі, А. Эйнштейннің шәкірті Дэвид Бом мен дүниежүзілік кванттық механиканың танымал өкілі, Стэнфорд университетінің нейрофизиологы Карл Прибрам. Олар ғылымның түрлі салаларында қызмет ете жүріп кездейсоқтық жағдайларға байланысты, бір-бірінен тәуелсіз түрде, өздерінің ортақ мазмұнға ие болған жаңалықтарын ашты. Д. Бом кванттық физиканың құбылыстарын дәстүрлік ұғымдар арқылы түсіндіруге бірнеше рет сәтсіз тәжірибелер жүргізген соң Әлемнің голографиялық табиғаты жайында қорытындылар жасады. К. Прибрам да адам миының қасиеттері мен қызмет механизмдерін зерттей келе дәстүрлік теориялардың яғни классикалық сананы түсіндіруші теориялардың кемшілікті тұстары мен құбылыстарды қамту көлемінің жеткіліксіз екеніне көз жеткізді. Ол көптеген құбылыстардың жұмбақтарын бұрынғы классикалық теориялардың анықтай алмайтындығына назар аударды. Аты аталған екі ғалым үшін де голографиялық модель кенеттен мәндік сипатқа ие болып, көптеген шешуін таппай жүрген сұрақтарға жауап беретін болып шықты. Олар өздерінің көзқарастарын өткен ғасырдың 70-жылдары жариялады. Олардың жұмыстары ғылыми жұртшылық назарын бірден-ақ өзіне тартты. Сол кезеңде көптеген ғалымдар өздерінің осы көзқарастарға байланысты оң пікірлерін білдіріп жатты. Алайда олар өкінішке орай жалпы кең қолдау таба алмады. Оған сын көзбен скептикалық қараушылар өте көп болды. Әрине бұл заңды құбылыс. Адамзат ғылымында мұндай сенсациялық сипаттағы теориялар қактығыстар мен күрестерсіз орнауы да мүмкін емес /2/.

Голографиялық модельді сынаушы басым көпшілік көзқарастарға қарамастан оны қолдаушы ғалымдардың да сапы уақыт өте келе толығы түсті. Кембридждік



физик Нобель сыйлығының иегері Брайан Джозефсон Бом мен Прибрамның теориясын «ақиқаттың мәнін түсінуде бұрын болмаған ілгерілеу» деп бағалады. Бұл пікірді өзінің «Ми мен материя арасындағы көпір» атты еңбегінде Канада корольдік университетінің физик-ғалымы Дэвид Пит те қолдайды.

1976 жылы Принстон университетінің техникалық және қолданбалы ғылымдар Мектебінің деканы Роберт Дж. Джан «материалдық ақиқатты анықтауда сананың рөлі» деп аталатын бағдарлама дайындады. Көптеген тәжірибелер негізінде Джан мен оның көмекшілері мынадай қорытындыға келді: адам миы тікелей материалдық дүниеге әсер ету мүмкіндігіне ие және әсер етеді де. 1994 жылы Принстон университетінде әлемнің барлық елдерінен ғалымдар жиналып бұл теорияны қандай жолмен дамыту және практикада қолдану қажеттігін талқылады.

Сонымен қоршаған дүние объективтік ақиқат па немесе Әлем голограмма ғана ма? Егер Әлем голограммалық табиғатқа ие болса және жарық жылдамдығымен әлемдік гиперкеңістіктің орталық осі атырапында қозғалар болса, онда барлық материя деп қабылдағанмыздың өзі осы гиперкеңістіктік өрістің түрлі таңғажайып ойындары, ал біздің жан дегеніміз гиперкеңістіктің мәндік көрінісі болып шығуы мүмкін.

Сонда мынадай сұрақ туындайды. Үш өлшемді материя объективті түрде өмір сүре ме немесе ол бар болғаны гиперкеңістіктік өрістің ерекше өмір сүру формасы ма?

1982 жылы ғалымдардың дүниегекөзқарасын өзгертетін және бір оқиға жүз берді. Осы жылы Париж университетінде физик Ален Аспект басшылығында зерттеуші топ жүргізген тәжірибелер ХХ ғасырдың жаратылыстануында ең маңызды оқиғаларының бірі болды деуге болады. Ален Аспект және оның тобы кейбір жағдайларды элементар бөлшектер, мысалы электрондар бір-бірімен араларындағы қашықтықтарынан тәуелсіз сол сәтте-ақ байланыса алатынын байқады. Мұнда ара-қашықтық 10 сантиметр ме немесе 10 километр ме оның ешбір маңызы жоқ. Ең қызығы қандай да бір белгісіз себептермен әрбір электрон басқаларының қозғалысы жайында әрқашан білетін болып шықты. Бұл жаңалықтың проблемасы сонда, ол Эйнштейннің қозғалыстың ең жоғары жылдамдығы жарық жылдамдығынан аспауы жайындағы постулатына (постулатына, теоремасына емес - автордан) қайшы келеді. Саяхаттың мұндай жарық жылдамдығынан да асқан жойқын сипаты физикалық тұрғыдан уақыттық шекараны бұзып өтуге де мүмкіндік беруі жайындағы көзқарасты мойындау перспективасы физиктерді шынымен де шошытты. Сондықтан олардың көпшілігі Аспекттің өз қорытындыларын күрделірек жолдармен дәлелдеуін талап етті. Ал физиктердің кейбірі оған қызығушылық танытып Аспекттің тәжірибелерінің нәтижесін жаңа тұрғыдан түсіндіруге тырысты. Жалпы алғанда бұл оқиға ақиқатты жаңадан қарастыруда физиктерге импульс берді /3/.



Дэвид Бом Аспекттің жаңалығы дүниенің объективтік ақиқат ретіндегі мәнін терістейтінін айта келе, дүниенің заттық сипаттағы көріске ие болуына қарамастан Әлемнің негізінде фантазм, гиганттық үйлесімді голограмма болатынын тұжырымдады.

Ал енді осы голограмма ұғымын анықтауға тырысып көрейік. Голограмма – бұл лазер көмегімен құрастырылған үш өлшемді картина. Оны жарату технологиясы арқылы адамзат таңғажайыптар әлемімен бетпе-бет кездескендей болды. Себебі голограмма оны көріп тұрған адамда шындықтың иллюзиясын қалыптастырады. Бұл жайында Майкл Талботтың «Голографиялық Әлем» еңбегінде оны былайша бейнелейді. Голограммаға негіз болатын құбылыс – интерференция, яғни бір-біріне бетпе-бет түскен екі не одан да көп толқындардың себебінен пайда болатын паттерн /4/. Мысалы көлге тас лақтырғанда ол атырапында жайыла тарайтын шеңбер көрінісіндегі толқындар жиынтығын пайда етеді. Егер екі тас лақтырған жағдайда олардың атырапындағы толқындар жайыла келе бір-біріне ұштасып кетеді. Міне осы қиылысатын толқындардан құралған күрделі конфигурация интерференциялық картина деп аталады. Мұндай картинаны жарық пен радиотолқындары сияқты кез-келген толқындық құбылыстар арқылы құрастыруға болады. Әсіресе лазер сәулесі жағдайында ол өте жоғары нәтижеге ие, себебі ол жарықтың ең таза когеренттік көзі болып табылады. Сондықтан лазер сәулесі идеал тас пен көлдің қызметін атқарады.

Голограмма лазер сәулесінің екі жеке сәулеге бөлінісі жағдайында пайда болады. Мысалы, бір сәуле фотоға алынатын объекіден бейнеленеді. Сонан соң екінші сәуле осы бірінші сәуленің бейнеленген жарығымен қиылысуы керек. Осы қиылысудан интерференциялық картина пайда болып, ол таспаға жазылады.

Қарапайым көзбен қарағанда мұндай таспаға түскен картина фотоға алынған объектіге мүлде ұқсамайды. Ол жалпы алғанда суға лақтырылған бірнеше тастардан пайда болған толқындар шеңберлеріне жақын көріністе болады. Алайда осы таспаға сырттан басқа лазердің сәулесі түсірілер болса, сол мезетте-ақ алғашқы объектінің үш өлшемді бейнесі пайда болады. Осы бейненің үш өлшемдік сипаты таңқаларлық дәрежеде ақиқат. Мұндай голографиялық картинаны шын нысана сияқты айналып өтуге, түрлі бағыттардан қарауға болады. Тек қана оны қолмен ұстап көруге әрекеттенгенде ғана оның бос кеңістік екені белгілі болып қалады.

Үш өлшемдік – голограмманың жалғыз ғана қасиеті емес. Егер голографиялық бейнені, мысалы тұтас алманың бейнесін (М. Талбот осындай мысал келтіреді) екі жартыға бөліп лазер жарығын түсірсе, онда әрбір жарты бөлікте тұтас алманың бейнесі көрініс табады. Ал егер осы жарты бөліктердің әрқайсысын қайтадан жартыға бөлетін болса, осы таспаның кішкене қиындыларында бәрібір тұтас алма бейнесі пайда бола береді. Тек қана бейненің сапасы ғана таспа кішірейген сайын нашарлай түседі. Бір қызығы қарапайым



фотосуреттермен салыстырғанда шағын көлемдегі голографиялық таспа бүтін, тұтас предмет жайында барлық ақпаратты өзінде сақтайды /5/.

XX ғасырдың 60-жылдары Карл Прибрам голограмманың осындай қасиетіне ерекше назар аударды. Ол мидың қайсы бөліктерінің адам жадына (ес) тиісті екенін анықтауға тырысты. Ол мидың орталықтандырылған қызметі ретінде адам жадының аймақтық емес, ал таратушы сипатта болатынын жорамалдады. Егер голографиялық таспаның әрбір бөлігі өзінде тұтас бейненің толық ақпаратын сақтайтын болса, онда осыған ұқсас мидың әрбір бөлігі де жадының тұтастығын қайта қалыптастыратын барлық ақпаратты сақтау мүмкіндігіне ие болуы керек. Бірнеше тәжірибелерде мидың түрлі бөліктерін біртіндеп ампутациялай отырып, К. Прибрам мынадай қорытындыға келді: жинақталған ақпарат голограмма принципіне сәйкес барлық орында, әрбір жасушада да сақталады; жалпы құрылымның жеке бөліктері тұтас құрылымды қайта қалпына келтіре алады /6/.

«Дүние - толық иллюзия, ол ешқандай құбылысқа ие емес деп айтудың өзі дұрыс болмас. Мәселе тіпті басқада: егер сізге әлемнің тереңіне бойлау және оған голографиялық жүйе ретінде қарау мүмкіндігі бұйырса, онда сіз тіпті басқаша ақиқатқа – осы кезеңге дейін ғылым түсіндіре алмаған паранормалдық құбылыстар мен синхронизмдерді яғни ішкі байланыстар мен таңқаларлық сәйкестіктерді түсінуге негіз болатын - жаңа ақиқатқа қол жеткізген болар едіңіз» деп жауап береді Карл Прибрам. «Psychology today» журналына берген сұхбатында.

«Барлығы барлығына имманентті» немесе «әрбір бөлікте барлығы» ұстанымын бейнелеуші голограмма принципі қазіргі замандық синергетиканың негізі болған ұйымдасу мен реттілік мәселелеріне басқа тұрғыдан қарауды талап етеді. Ғылым тарихында әрқашан физикалық феномендерді танудың негізгі әдісі ретінде анализ немесе оны құрамдас бөліктерге бөліп қарастыру идеясының дұрыстығы мойындалып келді. Алайда голограмма бізге дүниенің кейбір құбылыстарының бөлшектеніп зерттеуге жатпайтынын көрсетті. Егер біз голографиялық құбылысты бөлшектесек, онда әрбір бөлшек жалпы құбылыстың кішірейген көшірмесі болып шығады. Осы қасиет Бомның Аспекттің еңбектерін жаңаша түсіндіруіне негіз болды. Бомның пікірінше элементар бөлшектердің түрлі қашықтықтан әсерлесуінің себебі олардың бір-бірімен жасырын сигнал арқылы байланысуында емес. Бұл – олардың бөлінісінің, дискреттілігінің иллюзия екендігінде. Дүниенің қандай да бір өте терең деңгейінде мұндай бөлшектер жеке заттар емес, ал онан да іргелі құбылыстың кеңейуші көрінісі болуы мүмкін. Мұны түсіну үшін Бом мынадай иллюстрацияны ұсынады. Балық жүзіп жүрген аквариумді бақылайық. Бұл аквариумді тікелей емес, ал бірі алдында, екіншісі жанында орналасқан камералардың көмегімен бейнелеуші екі телеэкран арқылы бақылау ғана мүмкін болсын делік. Экрандарға қарағанда



оларда әртүрлі балықтар жүзіп жүрген сияқты көрінеді. Камералар түрлі бағыттардан түсіргендіктен балықтар түрліше көрінеді. Алайда біраз уақыт өткен соң әртүрлі экрандардағы екі балықтың арасында байланыс бар екенін байқайсыз. Бір балық бұрылғанда екіншісі де бағытын өзгертеді, бірақ ол әрқашан сәйкестікке негізделеді. Мысалы бір балықты анфастан көргенде екіншісі әрдайым профилде болады. Жай көзге бұл балықтардың бір-бірімен лезде байланысып әрекеттесуі сияқты көрінері сөзсіз. Ал шын-туайтына келгенде бұл бар жоғы бір аквариумдегі балықтың қозғалысын түрлі бағыттардан бақылаудан туындайтын иллюзия ғана.

Бомның пікірінше Аспекттің элементар бөлшектерге жасаған тәжірибелерінде де осы жағдай жүзеге асады. Мұндай элементар бөлшектер арасындағы жоғары жарықтық әсерлесудің болуы бізден жасырын дүниенің ең терең деңгейлерінің өмір сүретінін дәлелдейді деп тұжырымдайды Бом. Біздің бөлшектерді дискретті түрде қабылдауымыздың себебі біз ақиқаттың бір қырын ғана көре аламыз. Бөлшектер – жеке құрамдас бөліктер емес, олар голограммалық табиғатқа ие болған мағынасы терең әлемдік бірегейлікті қырлары ғана. Ал физикалық ақиқат дегеніміз осындай «фантомдардан» тұратын болғандықтан біздің бақылап, қабылдап тұрған әлеміміздің өзі де проекция, голограмма.

«Фантомдықтан» тыс мұндай әлемнің басқа да таңқалдырарлық қасиеттері бар. Егер бөліктердің дискреттігі иллюзия ғана болса, онда дүниенің терең деңгейлеріндегі заттар бір-бірімен шексіз байланыста болуы мүмкін. Біздің миымыздағы көміртегі атомдарындағы электрондар да барлық болмыстың физикалық формаларымен, олардағы құрамдас бөлшектермен байланысты болып шығады. Жалпы адамның табиғаты барлық құбылыстарды бөлшектеп, ажыратып қабылдауға, қарастыруға әдеттенсе де мұндай ажыратудың жасанды болып, ал әлемнің шым-шытырық торға ұқсас болып шығуы ғажап емес. Голографиялық дүниеде уақыт пен кеңістік те негіз ретінде алынуы мүмкін емес. Себебі мұндай барлығы бір-бірінен ажыралмаған әлемде орын, жағдай сияқты сипаттың ешбір мәні қалмайды, ал уақыт пен үш өлшемді кеңістікті экрандағы балықтың бейнесі сияқты проекция ретінде ғана қабылдау мүмкін. Сондықтан дүниенің терең деңгейі өткені, қазіргісі мен болашағы бірге өмір сүретін суперголограммаға ұқсауы мүмкін.

Қазіргі заман ғылымы Әлемді толтырып тұрған материалдық ортаның физикалық вакуум екенін дәлелдеді. Физикалық вакуумның қандай құбылыс екенін түсіну үшін Халықаралық теориялық және қолданбалы физика институтының директоры Ресей ғылым академиясының академигі А.Е. Акимовтың анықтамасына жүгінейік. Оның анықтауынша: «Қазір біз үшін физикалық вакуум – бұл кеңістіктен барлығын: ауаны, тіпті соңғы элементар бөлшекті де алып тастағанда қалатын нәрсе. Нәтижеде бос қуыстық емес, ал өздігінше материя – атом мен молекулаларға негіз болатын элементар бөлшектерді туындатушы бүкіл Әлемнің Тегі қалады» /7/. Олай бол-



са физикалық вакуум дегеніміз өрістердің «тасымалдаушысы», ал барлық өрістер: гравитациялық, электромагниттік, торсиондық – оның түрлі фазалары болып табылады. Осы тұрғыдан Әлемді бейнелендірудің жалпы голографиялық картинасын төмендегіше елестетуге болады.

Бүкіл Әлемдік кеңістік түрлі градацияларға ие болатын әртүрлі өрістермен толтырылған. Бұл градациялар энергоөрістің негізін құрайтын энерготолқындардың тар жиіліктегі тебіреністеріне сәйкес келеді. Мысалы, электромагниттік өріс оптикалық, рентгендік және т.б. өрістерге бөлінеді. Элементар бөлшектерден тұратын мұндай өрістер «нәзік материя» болып саналады, ал оларды адам өзінің физикалық қабылдауының шектелгендігіне сәйкес көру мүмкіндігіне ие емес. Алайда мұнымен олардың физикалық болмысын терістеуге болмайды. Мысалы адам атырапындағының барлығын әрқашан түйсіктік қабылдай алмауы мүмкін. Ол тек қана кейбір өлшемдік деңгейдегі құбылыстарды сезімдік қабылдайды. Әрине кейбір ерекше жағдайларда адамның сезімдік және саналық мүмкіндігі кеңейу қасиетіне ие. Бірақ ол жайында басқа мақалада сөз қозғайтын боламыз. Сонымен адамға таныс және бейтаныс болған түрлі физикалық энерготолқындардан тұратын энергоөрістер Әлемдік кеңістікте жан-жақтан түскен жарық сәулелері сияқты бір-бірімен қиылысып, бір-бірімен жанасып, араласып жатқан шексіз сәулелерден құралған ғаламдық тор сияқты көріністе болады. Мұндай энерготолқындар толассыз жан-жаққа шашырай таралып ғылыми қауымда Нәзік Дүние деп аталып жүрген Әлемнің ақпараттық (информациялық) өрісін пайда етеді. Әлем сансыз көп әртүрлі толқындардың түрлі деңгейдегі тебіреністерімен (төмен жиіліктегі электромагниттік толқындардан бастап жоғары жиіліктегі торсиондық толқындарға дейінгі) толтырылған. Әрбір өрістегі толқын осы өрістегі өзіне когерентті (синхронды) толқынмен бірге ақпараттық матрица – интерферограмманы пайда етеді. Ал ақпарат голографиялық интерференциялық микроқұрылымда қазірше адамға белгісіз код арқылы сақталған болуы әбден ықтимал. Әлем - ақпараттық матрица негізінде әрбір нүктесінде барлық ақпарат жинақталған Ұлы Голограмма. Мұндай гиганттық Әлемдегі әрбір нүктедегі өзгеріс басқаларында өзгерістер тізбегін жүзеге асырады.

Жалпы қазіргі заман ғылымының басты теориялары Ғалам көрінісін бейнелеуде осы негізгі тұжырымдамалармен сәйкес келуде. Әрине мұндай батыл идеялардың қоғам мен ғылымда лайықты бағалануының өзі де талай тартыстар мен уақытты талап етері анық.

Ғылым тарихына көз жіберсек мұндай төңкерістік деңгейдегі жаңалықтардың тез қолдау таппайтынының куәсі боламыз. Мысалы ежелгі грек ойшылы Аристарх Самосскийдің, онан соң Пифагор Самосскийдің гелиоцентристік моделі антикалық ғылымда қабылданған жоқ. Ал Евклидтің «Бастаулар» атты еңбегіндегі атақты 5-ші постулатты теорема ретінде дәлелдеуге бағытталған математика тарихындағы әрекеттер XIX ғасырда



Бірден үш географиялық орындарда үш математик – Венгрияда Янош Больяи, Германияда Карл Гаусс, Ресейде Николай Лобачевскийлер тарапынан жаңа евклидтік болмаған геометрияға негіз болды. Алайда олардың көзқарастары өз заманында кең ғылыми қауымның оң бағасына ие бола алмады. Математиканың королі саналған К. Гаусс өз теориясын жарияламастан қолжазба күйінде ғана қалдырып кетті. Неліктен? Мұндай теориялар бастапқыда адамның күмәнсіз сенетін түйсіктерінің берген ақпараттарына, күнделікті өмірде басшылыққа алатын дәстүрлік формальдік логиканың заңдарына қарсы келетін алғышарттар мен негіздерге ие болып жатады яғни ақылға қонымсыз, ақылға сиымсыз болып көрінеді. Сондықтан олар мәселеге жаңаша қарауды талап етеді. Олардың адамзат тарихында логикаға негізделіп дәстүрлік қалыптасқан стереотиптерге соққы болатынын да айта кеткен жөн. Тіпті олардың дұрыстығы мойындалған күнде де оларды қабылдау, қолдау ойлау процессіндегі стереотиптердің инерциясын тоқтататындай көп уақытты талап етеді.

Осы орайда өмірін қараңғы үңгірде өткізген адамның жарыққа шығып ештеңе көре алмайтыны жайындағы мысалды келтіру жөн сияқты. Оған ақиқат жарық дүние бейтаныс, өзге, жат дүние болып көрінері хақ. Себебі ол басқа шындыққа үйренген. Оның ақиқаты да басқа дүние. Сондықтан қаншалықты ақиқат болса да, ол ақиқатты тануға икемделу, оны қабылдау уақытты қажет етеді. Сол сияқты голографиялық модельді де кең жұртшылықтың қабылдауы уақыттың еншісінде сияқты.

Әдебиеттер

1. Электрондық материал: <http://www.great-inventors.org/i6.html>
2. *Влахов А.Л.* Голографический принцип в основе мироздания. <http://anomalia.kulichki.ru/text7/084.htm>
3. *Аспект А.* Теорема Белла: наивный взгляд экспериментатора // Квантовая Магия. Избранные главы. – Т. 4, вып. 2. – М., 2007. – С. 2135-2147.
4. *Талбот М.* Голографическая Вселенная. Перев. с англ. –М.: Издательский дом «София», 2004. С. 18-19.
5. *Талбот М.* Голографическая Вселенная. Перев. с англ. –М.: Издательский дом «София», 2004. С. 21.
6. *Прибрам К.* Языки мозга. Экспериментальные парадоксы и принципы нейробиологии. – М., 1975.
7. *Акимов А.Е.* Физика признаёт Сверхразум // Чудеса и приключения. – 1996. – № 5. – С. 24-27.



Резюме

Хайруллаева В. О новой мировой голографической парадигме

В статье рассматриваются вопросы нового голографического видения мира человеком. Современная квантовая физика заставляет принципиально по-новому объяснить процессы, происходящие на уровне микромира. Мир предстает перед взором современных ученых как гигантская Голограмма. Голографическая модель Вселенной демонстрирует уникальный принцип мироздания, согласно которому каждая частица может содержать в себе информацию о целом. Уникальная модель, предлагаемая голографией, помогает понять энергоинформационную структуру Вселенной.

Summary

Khairullaeva V. On the New World Holographic Paradigm

In the article there were observed the questions of new holographic world vision by the human. The modern quantum physics makes on principle to explain in new way the processes, that take place on the level of microworld. The world lies ahead in front of modern scientists' look as a gigantic Hologram. Holographic model of universe demonstrates the unique principle of the creation, in accordance with each particle can contain the information about the whole in itself. The unique model offered by holography helps to understand a energy-informational structure of the universe.

